

Бастауышы

КӨШБАСШЫСЫ

Зияткерлік ойын

Бүгінгі сайысымыз алты кезеңнен тұрады.

1тур – Таныстыру

2тур – Бәйге

3тур – Полиглот

4тур – Математикалық сандық

5тур – Дода

6тур – Көшбасшы





1 тур

Таныстыру

**Математика сырлары,
Қызықтырады біздерді.
Ойынға бірге қатысуға,
Шақырамыз сіздерді!**

**2 сынып
оқушылары**

**3 сынып
оқушылары**

**4 сынып
оқушылары**



2 тур

Бәйге

**Қарап тұрмай бәйгеге еріңіз,
Шәкірттерге әділ шешім беріңіз.
Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығарар,
Бәйге, бәйге, бәйгелерді көріңіз.**



1. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды ата. (а, ә, и, о, ө, ү, ұ, у, ы, і, е)
2. Азайтудың компонентін ата. (азайғыш, азайтқыш, айырманың мәні)
3. Сөйлем дегеніміз не? (бір ғана тиянақты ойды білдіреді, бірнеше сөзден құралады)
4. Нар деген не? (жалғыз өркешті түйе)
5. Ата Заң қашан қабылданды? (1995 жыл 30 тамыз)
6. Судың 3 күйі. (су, бу, қатты)
7. Абайдың бес нәрседен қашық бол дегені не? (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, мал шашпақ)
8. Қазақ билерін ата. (Әйтеке би, Қазбек би, Төле би)



1. **Буын дегеніміз не?** (бір немесе бірнеше дыбыстық тіркесі,
дауысты дыбыстар ғана құрайды.)
2. **Қазақ тіліндегі дауыссыз
дыбыстарды түрлерін ата.** (қатаң, ұяң, үнді)
3. **Бөлудің компонентін ата** (бөлгіш, бөлінгіш, бөліндінің мәні)
4. **Сұраулы сөйлем дегеніміз не?**
(жауап алу мақсатымен айтылған сөйлем)
5. **Төрт түлікті ата.** (түйе, жылқы, сиыр қой)
6. **Абайдың бес нәрсеге асық бол
дегені не?** (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақымшылық)
7. **Қазақ батырларын ата.** (Қобыланды батыр, Райымбек батыр,
Ер Тарғын батыр және т.б)



3 тур

Полиглот

**Жеті жұрттың тілін біл,
Жеті түрлі білім біл.**

**1. Көтеріліп теңізден
Аспанға биік барамын.
Биіктеп қайта түскенде
Өңі кірер даланың.**

(жаңбыр – дождь – rain)

2. Балдан тәтті.

(ұйқы – сон – sleep)

3. Үй үстінде ақ аю билеп тұр.

(түтін – дым – smoke)

**4. Бір зат бар дүниеде құшағы кең,
Ұшқан құс, жүгірген аң бәріне тең.**

**Адамзат, жан-жануар арасында
Мәңгілік өсіп-өніп өмір сүрген.**

(жер – земля – land)

**5. Жаһанда бір нәрсе бар аузы жабық,
Ашылар мезгілінде бауырын жазып,
Ішінде толып жатқан қазына бар,
Қорек қып пайдаланар тәмәм халық.**

(кітап – книга – book)

**6. Мұрты бар, сақалы жоқ,
Тоңы бар, шапаны жоқ.**

(мысық – кот – cat)



7. Ерте тұрдым

Алып ұрдым.

(есік – дверь – a door)

8. Аяғы жоқ жүреді

Аузы жоқ сөйлейді.

(хат – письмо – letter)

9. Аласа тауда алуан алма,

Алқызыл болмай, аузыңа салма.

(қызанақ – помидор – tomato)

10. Кеудесінде жаны жоқ,

Тамырында қаны жоқ.

Май жейді,

Су ішеді.

(мәшине – машина – car)

11. Құрғақ жерде сақтайсың,


Менсіз тамақ татпайсың

(тұз – соль - salt)

12. Бір түкті кілем,


Бір түксіз кілем.

(Жер мен аспан – земля и небо – land and sky)



4-тур

Математикалық сандық





**Үстелде үш стакан сүт
бар. Алмас бір стакан
сүтті ішіп қойды.**

**Үстелде неше стакан
бар?
(3)**



**Нанды 3 бөлікке
бөлу үшін неше рет
кесу керек?
(2 рет)**



**2 қыз метепке келе жатып,
алдарынан мектептен келе
жатқан 3 қызды кездестірді.
Мектепке неше қыз келе
жатыр? (2)**



**3 ағайындының ішінде
Марат Асхаттан ұзын.
Асхат Дәуреннен ұзын.
Кімнің бойы ұзын.
(Марат)**



Қасқыр мен түлкі тегін балыққа тап болды. Қасқыр айтты « Мен математикаға нашармын, балықты сен бөл» дейді түлкіге. Сонда түлкі: саған біреу, маған екеу, саған екеу маған үшеу, саған екеу маған төртеу. Қасқыр неше балық алды? (5)



**Тосын сый.
Өз өнерінді көрсет.**



**Бес алманың үшеуін,
Досың сұрап алады.
Айтшы, сонда нешеуі
Өз қолыңда қалады.**

(2)



**1 жұмыртқа 5 минутта
піседі,
ал 2 жұмыртқа неше
минутта піседі?**

5 мин



ОЛЖА






5 тур

Дода

**Мәңгі бақи есте қалар,
Ғажайып бір сайыс болсын.**

**Білімдірек шәкірт озар,
Қиынырақ сұрақ болсын.**





1.

Үш сызықтан пайда болған фигура?

(үшбұрыш)

Мектепке баратын баланың жасы (5)

Қосудың компоненттерін ата.

(I қосылғыш, II қосылғын, қосындының мәні)

Теңсіздік таңбалары (<, >)

5 санының көрші сандарына қандай сандар жатады? (4,6)



2.

Азайтудың компоненттерін ата.

**(азайғыш, азайтқыш, айырманың
мәні)**

100 рет ондық (мыңдық)

Нашар баға (2)

6 санының көрші сандарын ата. (5, 7)

8 дм неше см бар? (80 см)



3.

$$5 + 4 = (9)$$

**Төрт сызықтан пайда болған фигура?
(тіктөртбұрыш)**

4 м неше см бар? (400 см)

8 санының көршілерін ата. (7, 9)


Сағат 22:00 – де жауын жауып тұрса, 24 сағаттан кейін күннің көзі жарқырап тұруы мүмкін бе? (жоқ)

6 тур

Көшбасшы

**Басталады Көшбасшы деген сайысым,
Бұл сайыста озып шығар қайсысың?**



- 
- A large, semi-transparent globe of the Earth is the central focus, showing the Americas. In the background, a cityscape with a prominent tower is visible under a blue sky with clouds. A person in a red jacket is seen in the distance, looking towards the city.
1. Астана қаласындағы өзен?
 2. Барлық қабырғалары тең фигура
 3. Киіз үйдің төбесін қалай атайды?
 4. Алғаш мектеп ашқан қазақ педагогі?
 5. Қазақстан Республикасының 1-президенті?
 6. Не істеді?қайтті ? қай сөз табының сұрақтары?
 7. Жазуға арналған құрал ?
 8. Дауыссыз дыбыс нешеге бөлінеді?
 9. Бас қала
 10. Киіз үйдің қабырғасын не деп атайды?
 11. «Адам болам десеңіз» өлеңің кім жазды?
 12. Қыс мезгілінің екінші айы.

**Ойынға ат
салысқандарыңызға
сіздерге алғысымызды
айтамыз.**

